

ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО  
ФИНАНСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс  
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52  
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4  
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52  
administrator@minfin.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
«Ақ жол» ҚДП  
фракциясының  
депутаттары  
А.Т. Перуашевқа  
Д.М.Еспаеваға  
Е.Х. Барлыбаевқа  
Қ.Ж. Исаға  
Е.А. Бейсенбаевқа  
А.А. Садыковқа

**Құрметті «Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары!**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің «Ақ жол» ҚДП фракциясы депутаттарының мемлекеттік кірістер органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тануға бастамашылық жасау мәселесіне қатысты 2023 жылғы 2 маусымдағы № ДЗ-217 депутаттық сауалын (2023 жылғы 31 мамырда жарияланған) қарап, келесіні хабарлайды.

«Ақ жол» ҚДП фракциясының депутаттары көтерген мәселе бес жылдан астам уақыт бойы әр түрлі алаңдарда талқыланып келеді және белгілі бір кезеңдерде өзекті сипатқа ие болады.

Министрлік үшін мәмілелерді жарамсыз деп тану мәселесі өте өзекті болып табылады, өйткені өзінің табиғаты бойынша адал салық төлеушілерге де, мемлекет бюджетке де зиян келтіретін бір күндік» фирмалардан адал бизнесті қорғаумен бөлек, «көлеңкелі экономиканың» төмендеуіне ықпал етеді.

Министрліктің пікірінше, қалыптасқан жағдайдың туындау себебі, соның ішінде «бір күндік» фирмаларды пайдалану арқылы салық міндеттемелерін барынша азайту болып табылады.

Бұған дейін бизнес-қоғамдастық (жалған кәсіпкерлік үшін қылмыстық жауапкершілік болған кезеңде) әрбір мәміленің мән-жайларын жеке зерделеу және адал салық төлеушіге операцияның нақты жасалуын дәлелдеуге мүмкіндік

беру қажеттігі туралы ұсыныс жасап, бұл «жалған кәсіпорынға» қатысты шаралар қабылдау шеңберінде жүргізілмеген деп айтқан болатын.

Мұндай жағдайда салық төлеушілер тарапынан адал салық төлеушілерге салықтық әкімшілендіру шаралары негізсіз қолдану туралы шағымдар түсті.

Осыған байланысты, адал салық төлеушілерді қылмыстық процеске тартуды азайту және салықтық әкімшілендіру шараларына баса назар аудару, әрбір мәмілені жеке зерделеу тәсілін қолдану мақсатында «жалған кәсіпкерлік» қылмыссыздандырылды.

«Жалған кәсіпкерлікті» қылмыстық заңнамадан қылмыстық құқық бұзушылық ретінде алып тастау бұл құбылысты жоққа шығармады, керісінше қолма-қол ақша көлемінің өсу факторына айналды.

Салықтық әкімшілендіруді жүзеге асыруға баса назар аудару қажеттілігіне байланысты мемлекеттік кірістер органдары (*бұдан әрі – МКО*) жалған қаржы-шаруашылық операцияларды жүзеге асыратын «бір күндік» фирмаларды анықтау құралдарын жетілдіру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Сонымен, Сізге белгілі болғандай, 2019 жылдан бастап қосылған құн салығын төлеушілердің электрондық шот-фактураларды жазып беруі бойынша міндетті талап енгізілді, бұл жұмыстары нақты орындалмаған, қызметтері көрсетпелінген және тауарлары жабдықталмаған операциялардың анықталуын арттыруға әсер етті.

Бұдан басқа, салықтық әкімшілендіруді цифрландыру шеңберінде ілеспе жүкқұжаттармен тауарларды ресімдеу, деректерді онлайн бере отыратын БКМ (*бақылау кассалық машинасы*), ҰКП бастамасы бойынша «бизнес-серіктестер тізілімі» енгізілді, «Digital ID» сервисінің көмегімен ЭШФ АЖ-да тіркеу кезінде биометриялық сәйкестендіруді пайдалануды енгізу жоспарлануда, үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл және басқа жаңашылдық, соның ішінде пилоттық жобалар енгізілді.

МКО Салық кодексінде бар салықтық әкімшілендіру құралдарын ескере отырып, әдетте, нақты жүзеге асырылмау белгілері бар қаржы-шаруашылық операцияларды талдамалық жұмыс барысында не салықтық тексерулер жүргізу шеңберінде анықтайды.

Салықтық тексерулердің нәтижелеріне дау айтудың ағымдағы сот тәжірибесі соттардың қаржы-шаруашылық операциялары бойынша есептеудің негізділігін қарау кезінде олардың нақты жүзеге асырылмау белгілері бар мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот актілерінің жоқтығы туралы көрсететіледі, сондай-ақ салық төлеушілер осы мәселе бойынша соттың өкілеттігін өзіне қаратып алу (*мәмілені жарамсыз деп тану*) туралы да көрсетіледі.

Шынында да, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 9-бабына сәйкес азаматтық құқықтарды қорғау даулы мәмілені жарамсыз деп тану арқылы жүзеге асырылады.

Мәмілелердің жарамсыздығына байланысты даулар тек сот тәртібімен шешіледі, өйткені АПК те, басқа заңдар да мұндай дауларды шешудің басқа тәртібін көздемейді.

Алайда, бизнеске жүктемені азайту шеңберінде кәсіпкерлік субъектілеріне жүргізілетін салықтық тексерулер санын қысқарту бойынша жұмыс жүргізу тапсырылғанын ескеру қажет. Мәселен, мысалы, егер 2017 жылы салықтарды есептеуге әкелетін құжаттамалық тексерулер саны 5765 болса, онда 2022 жылы мұндай тексерулер 3147 құрады, бұл 2618 тексеруге немесе 45% - ға аз.

Осыған байланысты, салықтық әкімшілендірудің негізгі бағыты салықтық бақылаудың басқа нысандарына, оның ішінде камералдық бақылауға көбірек бағытталған.

Көрсетілген ережелер, сондай-ақ қалыптасқан құқық қолдану тәжірибесі бес жылдан астам уақыт бойы бизнес-қоғамдастықтың әртүрлі бағыттағы талаптары (*бизнесті қылмыстық заңнама саласына қатыстырмау, салықтық тексерулерді қысқарту, мәмілені жарамсыз деп танусыз есептемеу, әрбір мәмілені жеке қарау, мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыз бермеу, салықтық тексерулер барысында немесе оның шеңберінде белгілеу*) МКО-ның мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап-арыздарды жолдау құқығын іске асыру негізділігін айқындайды.

Күмәнді мәмілелерді жарамсыз деп тану бойынша соңғы жеті жылдағы статистика көрсеткендей, 2016 жылдан 2018 жылға дейінгі кезеңде жылына орта есеппен 700 - ге жуық талап қойылды. Бұл ретте, 2019 жылдан бастап (*ЭШФ АЖ енгізу*) осы уақытқа дейін МКО-ның мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы беретін талаптарының орташа саны орта есеппен 2000 құрады.

Белгілі бір жылдары олардың санын көбейту факторларының бірі ЭШФ АЖ енгізу, қылмыстық топтар қызметінің бірқатар салаларының аумағында жолын кесу, салықтық тексерулердің нәтижелеріне дау айту бойынша сот тәжірибесі, бизнестің ұстанымы, ЭШФ АЖ-мен байланысты пилоттық жобалар болып табылады.

Бұл ретте сотқа талап-арыз беру өзге де бақылау шараларын қабылдау шеңберінде жүзеге асырылатынын атап өту қажет, бұл салық төлеушілерге жол берілген бұзушылықтарды салықтық тексерулерге тартпай-ақ дербес жоюға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Министрлік қолдаған «Атамекен» ҰКП бастамасы бойынша 2020 жылы осындай талап қою тетігін ретке келтіру мақсатында аумақтық МКО жанынан тиісті комиссиялар құрылды, олардың құрамына «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палаталарының, бизнес-қоғамдастықтар мен қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кіреді.

Осындай комиссияның қызметі қатысушылардан, оның ішінде «Атамекен» ҰКП-нан түсетін ұсыныстарды талдау нәтижесінде Министрлік аумақтық МКО-на басшылық ету және жұмыста қолдану үшін жіберілген мәмілені жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арыздарды бастау үшін материалдарды жинау бойынша МКО-на талаптар әзірленді.

Осы мәселенің өзектілігін ескере отырып, қазіргі уақытта депутаттық сауалда көрсетілген, атап айтқанда, мәмілелерді жарамсыз деп тану мәселесі Бас прокуратура жанындағы Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру шеңберінде көлеңкелі экономикамен күрес, адал бизнес құқықтарын қорғау, кәсіпкерлікті дамыту және қолда бар проблемаларды шешу жолдарын бірлесіп әзірлеу мәселелерін зерделеу жөніндегі мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен (БП, ЖС, ҚМА, ҚМ, ІМ, СІМ, ӘМ, ҰКП, Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл) арнайы құрылған ведомствоаралық жұмыс тобын талқылаудың негізгі тақырыбы болып табылады.

БП жанындағы ВАЖТ жұмысының және талқылаудың қорытындылары бойынша салық заңнамасындағы бұзушылықтардың жолын кесуге, оларды уақтылы анықтауға және оларға дереу ықпал ететін, сондай-ақ салық төлеуден жалтаруға қарсы іс-қимылдың тиімді және әділ тетігін әзірлеуден және «қолма-қол ақша» компанияларын құруын және жұмыс істеуін болдырмаудан тұратын, қойылған мәселелерді шешу бойынша кешенді шешімдер қабылдау жоспарлануда.

Бұл ретте Салық кодексінің 264, 403-баптарын түзету жөніндегі ұсыныстарды Ұлттық экономика министрлігі жанындағы жаңа Салық кодексін әзірлеу жөніндегі жұмыс тобы шеңберінде қарау ұсынылады.

*Құрметпен,*

**Қазақстан Республикасының  
Қаржы вице-министрі**

**Е. Біржанов**

*Орынд. Ж. Жұлмұхамбетов  
Тел. 71-81-17  
zh.zhulmukhambetov@kgd.gov.kz*

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ**



**МИНИСТЕРСТВО  
ФИНАНСОВ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, 4-кіреберіс  
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52  
administrator@minfin.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 8, подъезд 4  
тел.: +7 (7172) 75-04-71, 75-04-89, факс: 75-03-52  
administrator@minfin.gov.kz

№ \_\_\_\_\_

**Депутатам  
фракции ДПК «Ак жол»  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан  
Перуашеву А.Т.  
Еспаевой Д.М.  
Барлыбаеву Е.Х.  
Иса К.Ж.  
Бейсенбаеву Е.А.  
Садыкову А.А.**

**Уважаемые депутаты фракции ДПК «Ак жол»!**

Министерство финансов Республики Казахстан (далее – Министерство), рассмотрев депутатский запрос депутатов фракции ДПК «Ак жол» Мажилиса Парламента Республики Казахстан (оглашён 31 мая 2023 года) от 2 июня 2023 года № ДЗ-217 относительно вопроса инициирования органами государственных доходов признания сделок недействительными, сообщает следующее.

Действительно поднимаемый депутатами фракции ДПК «Ак жол» вопрос на протяжении уже более пяти лет обсуждается на разных площадках и в определённые периоды приобретает актуальный характер.

Для Министерства вопрос признания сделок недействительными является очень актуальным, так как по своей природе наряду с защитой добросовестного бизнеса от фирм «однодневок», которыми причиняется ущерб, как добросовестным налогоплательщикам, так и бюджету государства, способствует снижению «теневой экономики».

По мнению Министерства, природой возникновения сложившейся ситуации является вопрос минимизации налоговых обязательств, одним из инструментов которых является, в том числе использование фирм «однодневок».

Ранее бизнес-сообществом (в период наличия уголовной ответственности за лжепредпринимательство) предлагалось и говорилось о необходимости изучения обстоятельств каждой сделки в отдельности и предоставления возможности добросовестному налогоплательщику доказывать фактическое совершение

операции, что в рамках принятия мер в отношении «лжепредприятия» не проводилось.

Поступали нарекания со стороны налогоплательщиков о необоснованном вовлечении в последствия такого преступления добросовестных налогоплательщиков, к которым применялись меры налогового администрирования.

В связи с чем, в целях минимизации вовлечения добросовестных налогоплательщиков в уголовный процесс и переноса акцента к мерам налогового администрирования, применения подхода по изучению каждой сделки в отдельности, декриминализировано «лжепредпринимательство».

Исключение «лжепредпринимательства» из уголовного законодательства как уголовного правонарушения не исключило данное явление, а, наоборот стало фактором роста объемов обналичивания.

В связи с необходимостью переноса акцента на осуществление налогового администрирования органами государственных доходов (*далее – ОГД*) проводится планомерная работа по совершенствованию инструментов выявления фирм «однодневок» посредством которых и осуществляются фиктивные финансово-хозяйственные операции.

Так, Вам известно с 2019 года введено обязательное требование по выписке электронных счетов-фактур плательщиками налога на добавленную стоимость, что повлияло на повышение выявляемости операций без фактического выполнения работ, оказания услуг и поставки товара.

Помимо этого, в рамках цифровизации налогового администрирования внедрены оформление товаров сопроводительными накладными, ККМ с онлайн передачей данных, по инициативе НПП введен «Реестр бизнес-партнеров», планируется внедрение использования биометрической идентификации при регистрации в ИС ЭСФ с помощью сервиса «Digital ID», расширяется взаимодействие с третьими лицами и другие новеллы, в том числе и пилотные проекты.

Учитывая имеющиеся в Налоговом кодексе инструменты налогового администрирования ОГД как правило финансово-хозяйственные операции, имеющие признаки отсутствия их фактического осуществления выявляются в ходе аналитической работы либо в рамках проведения налоговых проверок.

Текущая судебная практика оспаривания результатов налоговых проверок показывает, что судами при рассмотрении обоснованности начислении по финансово-хозяйственным операциям, имеющим признаки отсутствия их фактического осуществления указывается об отсутствии судебных актов о признании сделок недействительными, а также указывается и налогоплательщиками о якобы присвоения полномочий суда по данному вопросу (*признания сделки недействительной*).

Действительно, в силу статьи 9 Гражданского кодекса Республики Казахстан защита гражданских прав осуществляется путем признания оспоримой сделки недействительной.

Споры, связанные с недействительностью сделок, разрешаются только в судебном порядке, поскольку ни ГПК, ни другие законы не предусматривают иного порядка разрешения таких споров.

Однако, необходимо учитывать, что в рамках снижения нагрузки на бизнес поручено провести работу по сокращению количества проводимых налоговых проверок субъектов предпринимательства. Так, к примеру, если количество документальных проверок, приводящих к начислению налогов, в 2017 году составило 5765, то такое количество в 2022 году составило 3147, что меньше на 2618 проверок или на 45%.

В связи с чем, основанное направление налогового администрирования в большей степени направлено на иные формы налогового контроля, в том числе и камеральный.

Указанные положения, а также складывающаяся правоприменительная практика, разнополярные требования бизнес-сообщества на протяжении более пяти лет *(не вовлекать бизнес в сферу уголовного законодательства, сократить налоговые проверки, не начислять без признания сделки недействительной, рассматривать каждую сделку отдельно, не подавать иски о признании сделок недействительными, устанавливать в ходе налоговых проверок или в рамках уголовных дел)* свидетельствуют об обоснованности реализации права ОГД на подачу исков о признании сделок недействительными.

По признанию недействительными сомнительных сделок статистика последних семи лет показывает, что за период с 2016 года по 2018 год в среднем подавалась порядка 700 исков в год. При этом в период с 2019 года *(внедрение ИС ЭСФ)* по настоящее время среднее количество подаваемых ОГД исков о признании сделок недействительными составляло в среднем 2000.

Одним из факторов увеличения их количества в определённых годах является внедрение ИС ЭСФ, пресечение на территории ряда областей деятельности преступных групп, судебная практика по оспариванию результатов налоговых проверок, позиция бизнеса, пилотные проекты, связанные с ИС ЭСФ.

При этом необходимо отметить, что подача исков в суд осуществляется в рамках принятия иных мер контроля, что дает возможность налогоплательщикам самостоятельно устранить допущенные нарушения без вовлечения их в налоговые проверки.

Вместе с тем, по инициативе НПП «Атамекен» поддержанной Министерством в целях упорядочивания механизма подачи таких исков в 2020 году созданы соответствующие комиссии при территориальных ОГД, в состав которых, в том числе входят представители региональных палат предпринимателей «Атамекен», бизнес-сообщества и общественных объединений.

В результате деятельности таких комиссии, анализа поступающих предложений от участников, в том числе от НПП «Атамекен» Министерством разработаны требования для ОГД по сбору материалов для инициирования исковых заявлений в суд о признании недействительной сделки, который направлен для руководства и применения в работе территориальным ОГД.

Учитывая актуальность данного вопроса, в настоящее время указанное в депутатском запросе в частности признание сделок недействительными являются основной темой обсуждения специально созданной в рамках реализации поручения Главы государства Межведомственной рабочей группы при Генеральной прокуратуре по изучению вопросов борьбы с теневой экономикой, защиты прав добросовестного бизнеса, развития предпринимательства и совместной выработки путей решения имеющихся проблем, в которую входят представители заинтересованных государственных органов и организации (ГП, ВС, АФМ, МФ, МВД, МИД, МЮ, НПП, Уполномоченный по защите прав предпринимателей).

По итогам работы МВРГ при ГП и обсуждения планируется выработать возможные решения, позволяющие разрешить поставленные вопросы, заключающиеся в разработке эффективного и справедливого механизма по противодействию уклонению от уплаты налогов с помощью бестоварных операций и созданию, функционированию «обнальных» компаний, способствующий пресечению, своевременному выявлению и оперативному реагированию на нарушения налогового законодательства.

При этом предложения по корректировке статей 264, 403 Налогового кодекса предлагается рассмотреть в рамках рабочей группы при Министерстве национальной экономики по разработке нового Налогового кодекса.

*С уважением,*

**Вице-министр финансов  
Республики Казахстан**

**Е. Биржанов**

*Исп. Ж. Жулмухамбетов  
Тел. 71-81-17  
zh.zhulmukhambetov@kgd.gov.kz*





БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 м. 07.07 № 669

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**Қол қою құқығын беру туралы**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі», «Құқықтық актілер туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 355 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Үкіметі Регламентіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі Данияр Еренғалиевич Жаналиновке:

1) Қазақстан Республикасының Парламентіне, Қазақстан Республикасының Үкіметіне, Қазақстан Республикасы Премьер – Министрінің Кеңсесіне, Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотына және мемлекеттік органдарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін органдарға жіберілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құжаттарына;

2) «Қазақстан Республикасы Президент Әкімшілігі» (бұдан әрі - ПӘ) адресатын көрсете отырып, ПӘ құрылымдық бөлімшелерінің тікелей сұрау салуларына жауаптарға;

3) адресаттың тиісті атауын көрсете отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Көмекшісінің Министрлікке тапсыратын қарарларын орындау туралы ақпаратқа;

4) жоспарлы және ұйымдастыру құжаттарының (ақпараттық материалдарды ұсыну кестесі, іс-шаралар жоспарын орындау барысы, хаттамалық тапсырмалар, «ПӘ» адресатын көрсете отырып, қызметтік жазбаларға берілетін тапсырмалар) мониторингі және оларды орындау шеңберінде дайындалатын ПӘ құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін ақпаратқа;

5) Министрлікке келісуге енгізілетін бірлескен нормативтік құқықтық бұйрықтарды қоспағанда, құқықтық актілердің, басқа мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің жобаларына;

6) Министрлік Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесіне және мүдделі мемлекеттік органдарға келісуге енгізетін заң жобаларына және Қазақстан Республикасының Үкіметі, Премьер-Министрі, Президенті құқықтық актілерінің жобаларына;

7) заң жобаларына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық ететін заң жобаларына Үкімет қорытындыларының жобаларына, Парламент палаталарының қарауындағы заң жобалары бойынша Парламент палаталары депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындыларының жобаларына, Үкімет бастамашылық ететін заң жобаларына Парламент депутаттарының түзетулеріне Үкімет қорытындыларының жобаларына, сондай-ақ мемлекеттік органдар бастамашылық еткен заң жобаларына түзетулерге Үкімет қорытындыларының жобаларына;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген, құзыреті шегінде Министрмен қабылданатын, сондай-ақ штат кестесін бекіту бойынша бұйрықтарды қоспағанда, негізгі қызметі жөніндегі бұйрықтарға;

9) Министрлікке сенімгерлік басқаруға берілетін акционерлік қоғамдардың акциялар пакетін сенімгерлік басқару шарттарына (оның ішінде, оларға қосымша келісімдерге), акциялардың мемлекеттік пакеттерін иемдену және пайдалану құқықтарын қабылдап алу-тапсыру актілеріне;

10) тәуелсіз директормен, атқарушы орган басшысымен не Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес акциялары Министрлікке иемденуге және пайдалануға берілген акционерлік қоғамдардың атқарушы органының функцияларын жалғыз жүзеге асыратын тұлғамен шарттарға (оның ішінде оларға қосымша келісімдерге) және Министрліктің және өзінің қарауы бойынша шарттар мен тәртіпте барлық дауыс беру акцияларына ие жалғыз акционер немесе тұлға болып табылатын акционердің немесе тұлғаның (бұдан әрі – Қоғам) атынан сенімгерлік басқару шарттарына;

11) бірлескен кұпия жұмыстарды жүргізу және Министрліктің ұйымдармен жұмылдырылған тапсырысын орындау туралы шарттарға (оның ішінде, оларға қосымша келісімдерге);

12) Министрліктің қарамағына берілген мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты құқықтарға ие тиісті саланың уәкілетті органының шешімдеріне;

13) Министрліктің қарамағына берілген республикалық мемлекеттік мекемелерге қатысты құқықтарға ие тиісті саланың уәкілетті органының шешімдеріне, оның ішінде осы мекемелердің жарғыларын бекіту туралы, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімдерге;

14) жалғыз акционер немесе барлық дауыс беру акцияларына ие тұлға болып табылатын акционер немесе тұлға ретінде Министрлік атынан акционерлердің, директорлар кеңесінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы талаптарға;



15) меншік нысанына карамастан мемлекеттік ұйымдармен ынтымақтастық туралы келісімдерге, меморандумдарға (оның ішінде, оларға косымша келісімдерге);

16) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Басшысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Орынбасарларының атына министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жіберілген құжаттарға (тапсырмаларды, оның ішінде хаттамалық тапсырмаларды орындау үшін) қол қою құқығы берілсін.

2. Қаржы вице-министрі Д.Е. Жаналинов болмаған кезеңде осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы қаржы вице-министрі Е.Е. Биржановқа берілсін.

Қаржы вице-министрі Е.Е. Жаналинов, қаржы вице-министрі Е.Е. Биржанов болмаған кезеңде осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеилге берілсін.

3. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Қаржы министрі**



**Е. Жамаубаев**



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2022 ж. 11.11 № 1159

Нұр-Сұлтан қаласы

город Нур-Султан

**«Қол қою құқығын беру туралы»  
Қазақстан Республикасы Премьер-  
Министрінің орынбасары – Қаржы  
министрінің 2022 жылғы 7 шілдедегі  
№ 669 бұйрығына өзгерістер енгізу  
туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қол қою құқығын беру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2022 жылғы 7 шілдедегі №669 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қазақстан Республикасының қаржы вице-министрі Ержан Ерикович Биржановқа қол қою құқығы берілсін:»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы вице-министрі Е.Е. Биржанов болмаған кезеңде осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеилге берілсін.

Қаржы вице-министрі Е.Е. Биржанов және қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеил болмаған кезеңде осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы қаржы вице-министрі Д.О. Темирбековке берілсін».

Қаржы вице-министрі Е.Е. Биржанов, қаржы вице-министрі Д.М. Кеңбеил және қаржы вице-министрі Д.О. Темирбеков болмаған кезеңде осы бұйрықта көрсетілген құжаттарға қол қою құқығы қаржы вице-министрі Э.Ш. Казганбаевқа берілсін.».

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің орынбасары  
Қаржы министрі



Е. Жамаубаев

006760